

دینا کا پیمانہ  
سائنس





مجلد السادس

ترجمة محمدجانوف قلتاي



*АЛТЫНШЫ ТОМ*

*Аударған Қалтай МҰХАМЕДЖАНОВ*



"АУДАРМА" БАСПАСЫ  
АСТАНА – 2009

УДК 821(100-87)  
ББК 84(0)  
М 90

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ “ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ӘДЕБИЕТ ТҮРЛЕРІ”  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Мың бір түн.**

Сегіз томдық.

**М 90** Орыс тілінен аударған *Қалтай Мұхамеджанов.*  
*Өлеңдерін аударған Сейфолла Оспанов.*  
Астана: Аударма 2009. Т.6. – 456 бет.

ISBN 9965-18-263-9

М  $\frac{4703000000}{00(05) - 09}$

УДК 821(100-87)  
ББК 84(0)

ISBN 9965-18-263-9 (Т.6.)  
ISBN 9965-18-242-6

© Қазақша аудармасы “Жазушы”, 1988  
© “Аударма” баспасы, 2004  
© “Аударма” баспасы, 2009



### *ЖҮДӘРӘ ЖАЙЛЫ ХИКАЯ*

лдияр патшам! Әлқисса, баяғыда Омар деген бір саудагердің үш баласы болыпты. Үлкенінің аты – Сәлім, ортаншысының аты – Селім, кенжесінің есімі – Жүдәрә екен. Әкесі бұларды ат арқасына мініп, Әдібұлаққа жеткенше тәрбиелепті. Әсіресе, кенжесі Жүдәрәні басқаларынан жақсы көреді екен. Мұны сезген екі ұлының бойында, әлбетте, қызғаныш туады. Бұлар Жүдәрәні жек көретін болады. Көп ұзамай әкелері мұны сезеді. Жасы келген саудагер “ертең көзім жұмылып кетсе, Жүдәрә бұл екеуінен зорлық-зомбылық көреді-ау” деп іштен қауіп ойлай бастайды. Бір күні көзі ашық, көңілі таза дос-жарандарынан бірнешеуін шақырып алып, солардың көзінше:

– Менің ақша-қаражат, жиған-терген дүниелерімді әкеліңдер, – дейді. Бәрін әкеп жайнатып қойғанда:

– Уа, ағайын, мынау ақша мен дүниелерді шарифат шартына сай төртке өз қолдарыңмен бөліп беріңдер, – дейді. Дүние куәгерлердің алдында тең бөлініп, әр баласының енші-сыбағасын белгілеп беріп, ақырында өз сыбағасын алып отырып саудагер:

– Мінеки, төрт көзің түгелде бар қазына-байлық тең бөлінді, енді таласатын сабақты ине қалған жоқ. Мен өлген күнде де балаларым бір-біріне дау айтып, дүние тарапынан қырғи қабақ болмас. Ал менің сыбағам өзім өлгенде әйеліме қалады. Бұлардың шешесінің осы дүниемен балаларына салмағы түспейді, – дейді.

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### АЛТЫ ЖҮЗ ЖЕТІНШІ ТҮН

– Алдияр патшам! Әлқисса, саудагер сонымен дүниелерін төртке бөліп, әр баласының еншісін берді. Төртінші сыбағаны өзіне алып отырып:

– Мінеки, төрт көздерің түгелде бар қазына-байлық тең бөлінді. Енді таласатын сабақты ине де қалған жоқ. Мен өлген күнде де балаларым бір-біріне дау айтып, дүние тарапынан қырғи қабақ болмас. Ал менің сыбағам өзім дүние салғанда әйеліме қалады. Бұлардың шешесінің осы дүниемен балаларына салмағы түспейді, – дейді.

Содан көп ұзамай саудагер марқұм болады. Әке көз жұмысымен оның жасап кеткен ісіне ағайынды жігіттердің арасында наразылық туа бастайды. Екі ағасы Жүдәрәға жабысып:

– Әкеміздің ақшасының бәрі сенде қалды. Сыбағамызды бер, – деп қиғылық салады.

Жүдәрә ағаларын ертіп, қазыға барады. Кезінде дүние бөлінгенде куә болып отырған мұсылмандар да жиналады. Олар өз көргендерін айтады. Ақырында қазы “бір-біріңмен дауласатын реттерің жоқ екен” деген пәтуаға келеді. Даудалабаның жолында Жүдәрәдан да, ағаларынан да біраз ақша шығын болады. Арада біраз уақыт өткен соң дау тағы басталады. Ағаларының зорлығынан Жүдәрә тағы қазыға барады. Қадилардың көмейін толтыруға екі жағынан да талай ақша кетеді. Онымен тоқтаған бұлар жоқ. Бірін-бірі қадиге сүйретумен үшеуі де мал-мүліктен жұрдай болады. Ақырында Жүдәрәның ағалары туған шешесін әжуаға айналдырып, барын сыпырып алып, сабап-сабап, үйлерінен қуып шығады. Шешесі сорлы жылап-еңіреп Жүдәрәға келіп:

– Сенің ағаларың осындай да осындай, зорлық жасап, қолға ілінердің бәрін тартып алды, – деп балаларын қарғап-сілеп тастайды. Жүдәрә оған басу айтып:

– Шеше, оларды қарғап қайтесің? Алла тағала олардың сазасын әлі-ақ береді. Мен де, олар да қазір бәрінен айырылып отырмыз. Кедей болып қалдық. Дау – шар жүрген жерде береке бола ма? Есігін қақпаған қадиміз қалмады. Әрқайсысының көмейіне бірдеңе тастауымыз керек. Арызды тегін тындамайтынын өзің білесің. Одан

түскен көк тиын жоқ. Әкеден қалғанның бәрінен айырылды. Бір-бірімізбен жауласып, ақырында бүкіл елдің мазағына ұшырап, масқарамыз шығып отыр. Енді бұлардың үстінен арыз айтып тағы кімге барам? Беті аулақ бәленің! Осында тұрып, бір бөлке нанды өзіммен бөліп жеп, тілеуқор болып отыр. Алла тағала біздің де көз жасымызды көрер. Құдайдан тайып, аттарын атаушы болма маған. Бәрібір олар оңбайды. Шайырдың:

*– Егеспе сен ақымақпен абыройды төгеді,  
Түбінде бір алдыңа өзі емпеңдеп-ақ келеді.*

*Пасықтардан аулақ жүрсең саған ешкім тимейді,  
Тау мен тауың соғылысса жалақорлар күйрейді,*

– деді Жүдәрә шешесін жұбатып. Шешесі баласының бұл сөзіне құлақ асып, көніп осында қалды. Жүдәрә қолына ау алып, күн сайын балық аулайтын болды. Ол бармаған көл, өзен қалмады. Әйтеуір бір су бар жерден құр қайтпайтын болды. Тапқан-таянғаны күн сайын өсе берді. Соларын сатып шешесі екеуіне ішіп-жем әкеледі. Ауқат жағынан кемдік көрмейтін болды. Екі ағасының қолынан дәнеге келмейтін сорлылар еді, не сатары, не алары жоқ бейшара күйге түскен көшедегі қайыршыдан түк айырмалары жоқ. Шешеден тартып алған дүние әлде-қашан сатылып-сатылып біткен. Сөйтіп жүріп шешелеріне келіп қонуды шығарды. Кешірім сұрап, жүрек жалғап қайтуды әдетке айналдырды. Ана жүрегі шыдасын ба, өздерінен қалған-құтқанды бұлардың аузына тосты. Кешеден қалған сорпа-су болса оны да беріп:

– Тезірек ішіп-жеп алып, інілеріңнің көзіне көрінбей тайып тұрыңдар. Сендерді көру оған да оңай емес. Кейін маған ренжіп жүруі ғажап емес. Менің де абыройымды сақтаңдар, – дейтін. Ағалары апыл-ғұпыл ішіп-жеп кетіп қалып жүрді.

Бір күні екі сүмелек тағы келді. Шешелері дастарқан жайып, көже құйып, алдарына нан қойды. Асқа енді бас қоя бергенде ойда-жоқта Жүдәрә кіріп келді. Шешесі байғұс сасып қалды. “Балам ашуға баса ма” деп қорыққан сорлы ана ұялғаннан басын аулақ алып, төмен қарап тұра берді. Жүдәрә ағаларына күле қарап:

– Жақсы келіпсіңдер, бауырларым! Бұл бір сәтті күн болды ғой! Бұған да шүкір, мені іздеп қашан келіп қалдыңдар? Ағаларын құшақтап, аймалап мәз болып тұрып:

– Мені соншама сағындырып ұмытып кетер, шешелеріне соқпас деп ойлаған жоқпын, – деді тағы да.

– Оллаһи бауырым, сені сағынғанымыз рас. Саған жасаған қиянатымыз күні бүгінге дейін бетімізге шіркеу болып келді. Дегенмен, бауырдың аты бауыр емес пе?.. Шыдамадық. Күнәмізді мойындап келіп тұрмыз. Қарғыс атқыр сайтан азғырды ғой бізді. Бізге апамыз екеуің кешірім етсеңдер болды, сол да жетеді, – деді екеуі қосарланып.

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### АЛТЫ ЖҮЗ СЕГІЗІНШІ ТҮН

– Алдияр патшам! Әлқисса, Жүдәрә үйіне кіріп келіп, ағаларын көргенде жаны жадырап:

– Сәтті күні қош келіпсіңдер, сендерден басқа сүйенетінім бар ма? – деді. Шешесі елжіреп кетіп:

– Айналып кетейін, балам, Алла тағалам әрдайым ажарыңды жарқын етіп, тілеуіңді берсін! Осыншама ақпейіл, адал жүрек болармысың?! – деді.

– Енді осында болыңдар, жақсы келдіңдер. Алла тағаланың мейірім-шапағатының арқасында, Құдайға шүкір, бәрі бар, қам жемендер, – деді.

Сонымен ағаларымен татуласып, кешкі тамақты бірге ішіп-жеп, олар осында түнеп шықты. Азанғы шайдан кейін Жүдәрә ауын арқалап күнделікті кәсібіне кетті.

Ағалары да үйден шығып, түске дейін жоғалып кетті де қарындары ашты-ау дегенде оралды. Шешесі алдарына дәм қойды. Кешке қарай ет, жеміс-жидек алып Жүдәрә да келді. Осылайша бәрі бірге бір айдай тұрды. Жүдәрә болса күнделікті аулаған балығын сатып, тапқан тиынына ағалары мен шешесін асырап жүре берді. Олардың қолынан ішіп-жеуден басқа не келсін?

Күндердің күнінде үйренген әдетімен Жүдәрә өзенге келіп ау тастады. Шамалыдан кейін ауын тартты. Ештеңе ілінбепті. Қайтадан жайды. Тағы да дәнеңе жоқ. Жүдәрә “Бұл жердің балығы таусылған екен” деді өзіне-өзі. Енді



бір тұсқа келіп ауын тастады. Бұл жолы да ештеңе ілінбеді. Сонымен кешке дейін қаншама орын ауыстырса да соқыр шабақ та түспеді. “Бұл не деген ғажап? Онда өзендегі балықтар ұшып кеткен бе?” – деді басын шайқап.

Сонымен, қолда соқыр шабақ жоқ, ауын арқалап, ағалары мен шешесін енді немен тамақтандырудың ретін таба алмай, мұңайып үйіне қайтты. Осылайша наубайшының қасынан өте берді. Ақшалары қолында нан алуға анталаған жұрт. Олармен наубайшының ісі шамалы. Жүдәрә наубайшының алдына келіп, ауыр күрсінді. Бұған көзі түсіп кеткен наубайшы:

– Төрлет, Жүдәрә! Нан керек пе? – деді. Жүдәрәда үн жоқ. Наубайшы:

– Неге күмілжіп тұрсың, қанша керек болса, сонша алып кете бер, ақшасын кейін берерсің, – деді.

– Ендеше маған он дирхемге нан бер, – деді Жүдәрә.

– Осы нанға он дирхем қосып берейін, ертең маған жиырма дирхемнің балығын әкел, – деді наубайшы.

– Жан-тәніммен, – деді Жүдәрә қуанып. Әлгі он дирхемге алғаны ет, жеміс-жидек: “Жасаған жәрдем етсе, бұлардан құтылармын ертең”, – деп үйіне келді.

Шешесі қазан көтеріп, тамақ пісірді. Кешкі асын ішіп, Жүдәрә ұйқыға кетті. Азанмен тұрып, ауын алып кетіп бара жатқанда:

– Алдымен шайыңды ішіп алсайшы, – деді шешесі.

– Сен ағаларыммен өзің тамақтана бер, – деді де шығып кетті. Сол бетімен өзенге тартты. Келе ауын жайды. Дәнеңе түспеді. “Осы тұста барсың-ау” деген екі-үш жерге көшіріп, қайта құрып жүрді. Түс ауғанша балық дегеннің нышаны болмады. Әбден қажып, ауын арқалап, ренжіп қайтты. Жолы ылғи наубайшының қасынан өтетіні белгілі. Тағы да құр қол келе жатқан Жүдәрәні көрген наубайшы бірнеше күлше нан мен қолына аз ғана күміс теңге салып:

– Кел, мынаны ал да кете бер, бүгін болмаса, ертең болар, – деді. Жүдәрә қысылып, наубайшыдан кешірім сұрағысы келіп еді, оған наубайшы:

– Бара бер, кешіріміңнің керегі жоқ. Бүгін ауыңа ештеңе де ілінбегенін өзім де көріп тұрмын. Бар болса, аянбайтыныңды білемін. Ертең де күнің осылай болса, ұялма, келіп наныңды алып жүре бер. Әйтеуір, есесін бір қайтартыныңа кәміл сенем, – деді көңілін аулай.

Үшінші күн дегенде қашан түс ауғанша өзен-көл дегеннен түгін қоймай аралап шықты. Соқыр шабақ бұйырған жоқ. Наубайшыға келіп, күндегі сыбағасын, яғни күлшелерін алған соң аз ғана тынығып алып, үйіне тартты. Осылайша жеті күн өтті. Бір қырсық айналды. Әбден титықтаған Жүдәрә “Бүгін Карунның<sup>1</sup> көліне барамын” деді өзіне өзі.

Енді соған келіп, енді ауын тастай бергенде қашыр мінген бір мағриптік<sup>2</sup> жақындай берді. Өзі тамаша киінген, қашырдың үстінде өрнекті қоржын, ер-тоқымы да әсем. Келе қашырынан түсіп жатып:

– Ассалаумағалейкум, Омардың ұлы Жүдәрә мырза, – деді.

– Уағалайкүмассалам, тақсыр қажы, – деп сәлем берді Жүдәрә.

– Жүдәрә, бері қара, – деді мағрип, – саған мынадай өтінішім бар. Құлақ ассаң, қор болмайсың. Одан пайдадан басқа көрмейсің. Менің дегенімді орындайтын досым болып шығасың.

– Құлдық, қажеке, қандай ойыңыз бар, айта беріңіз. Бір сөзіңізге қарсылық жоқ, құлағым сізде, – деді Жүдәрә.

– Алдымен Фатиха қайыр, – деді мағриптік. Жүдәрә бата оқыды. Содан кейін қажы қалтасынан жібек жіп шығарып алды да Жүдәрәға ұсынып:

– Мынаумен менің қолдарымды тастай қылып байла да осы көлге тастап жібер. Сосын қара да тұр. Шамалыдан кейін қолымды көкке көтеріп су бетіне шыға бастасам, жалма-жан ауынды таста да сүйреп алып шық. Ал енді су бетінен аяқтарым көрінсе, әуре болма, мені өлдіге есептей бер. Ана қашырды мін де қоржынға да өзің еге болып, саудагерлердің базарына бар. Сонда Шамша атты еврейге кездесесің. Соған мына қашырды бересің. Ол алақаныңа жүз динар салады. Соны ал да жан баласына сездірмей жөніңе тарта бер, – деді.

Жүдәрә қажының қолын байлап тастады.

– Мықтап байла, – деді анау содан кейін, – енді суға итеріп жібер, – деді. Әне-міне дегенше Жүдәрә оны суға итеріп жіберді. Ол суға батып жүре берді. Сәлден кейін

<sup>1</sup> *Карун* – Құранда кездесетін әйгілі Карун деген бай адам. Оны қазақтар Қарынбай дейді. Карун көлі Каирдің оңтүстігінде.

<sup>2</sup> *Мағриптік* – “мағрип” араб тілінде батыс деген сөз. Африканың солтүстік батысын солай атайды.

судан мағриптің аяқтары көрінді. Жүдәрә енді шаруасы біткеніне көзі жетті де қашырды жетектеп, саудагерлердің базарына беттеді. Келгесін қойманың алдындағы сәкіде отырған әлгі еврейді көрді. Қашырға алдымен көзі түскен еврей:

– Ақыры өлген екен ғой! Оның түбіне сараңдық жетті. Құлқынның құрты деген осы, – деді. Сосын қашырды алды да Жүдәрәға жүз динар беріп, “тісіңнен шығара көрме” деп ескертті. Ақшаны алып Жүдәрә жөніне кетті. Содан шыққан бойы наубайшыға келіп, керегінше нанын алып, оған ақша ұсынды. Наубайшы динарды алып, өзінше есептеді де қалғанына тағы да екі күн келіп нан алып кетерсің, – деді.

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### *АЛТЫ ЖҮЗ ТОҒЫЗЫНШЫ ТҮН*

– Алдияр патшам! Әлқисса, сол жерден наубайшы Жүдәрәға:

– Қалғанына тағы да екі рет келіп нан алып кетерсің, – деді.

Бұдан шығып Жүдәрә қасапшыға келді. Оған да бір динар ұсынып ет алды да:

– Динардың қалғаны сенің қолыңда тұра тұрсын, – деді де кете берді. Жолай жеміс-жидек алды. Келсе, ағалары тамақ сұрап, шешесінің жанын алып жатыр екен, ол сорлы:

– Менде сендерден аяйтын не бар, інілерің келгенше шыдай тұрыңдар, – дегенше болмай Жүдәрә кіріп келіп ағаларына:

– Әкелдім, көне алыңдар, жеңдер, – деді.

Ағалары нанға жаудай тиіп кетті. Жүдәрә қолында қалған алтын теңгелерді шешесіне беріп тұрып:

– Ағаларым ашығып келгенде шетінен беріп тұр, өздері мен жоқта ауқат сатып алып жейтін болсын, – деді.

Жігіт ұйықтап тұрған соң азанмен ауын арқалай Қарынбайдың көліне тартты. Көлдің жағасына келіп, ауын реттеп енді суға сала бергенде тағы бір мағриптік көрінді. Бұл да қашыр мініп келе жатыр екен. Үстіндегі киімдері кешегі суда көргеннен әлдеқайда қымбат, қоржынның екі басында екі қобдиша, қалталарында да сондай қолсандықтар бар.

– Ассалаумағалейкум, Жүдәрә мырза, – деді ол.

– Уағалейкумассалам, тақсыр қажы, – деді Жүдәрә қарсы ұмтылып.

– Кеше саған осындай қашырға мінген мағриптік келді ме? – деді салған жерден. Жүдәрә мына сауалдан шошып, жалтарып кетті.

– Ондайды байқамадым, – дей салды. Өйткені тәптіштей сұрай бастаса, оның суға кеткенін айту керек. Олай десе “оны суға жіберген сен” деп мынаның жабыса кетуі ғажап емес. Жігіттің қорыққаны сол, амалсыздан жалған жауап қатты.

– Ол бейшара менің бауырым еді ғой. Менің алдымды орай кеткен екен, – деді әлгі келген.

– Мен ештеңе де білмеймін, – деді Жүдәрә. Мағриптік тұрып:

– Оның қолын байлап суға тастап жіберген жоқсың ба, ол саған: “су бетінен қолым көрінісімен ауыңды тастап шығарып ал, аяқтарым көрінсе суға кеткенім, менде ісің болмасын, қашырды жетекте де Шамша деген еврейге бар, ол саған жүз динар береді”, – деген жоқ па?

Айтқанындай су бетінде аяғы көрінісімен сен қашырды жетектеп алып, еврейге бардың, ол саған жүз динарды өз қолымен берген жоқ па? – деді.

– Осының бәрін біліп тұрсаң несіне сұрайсың? – деді Жүдәрә.

– Мәселе сонда. Сол бауырыма істегенінді маған да істе, саған қояр талабым сол, – деді мағриптік.

Бұл да одан әріге барған жоқ, қалтасынан жібек жіп алды да Жүдәрәға беріп:

– Менің де қолдарымды тастай қып байла да мына суға тастап жібер. Мен де сол бауырым сияқты болсам, қашырды жетектеп ал да еврейге апарып өзіңе тиесілі жүз динарға ие бол, – деді.

– Ендеше бері жақында, – деді Жүдәрә. Мағриптің қасына келді. Жүдәрә қолын байлап, суға итеріп жіберді. Ол батып жүре берді. Жүдәрә сәл қарап тұрды. Сөйткенше мұның да аяқтары көрінді. Сонда жігіт:

– Мына сорлы да өліп кетті-ау. Құдай айдап, күніне бір мағриптікті суға кетіріп отырсам, әрқайсысының өлігінен жүз динар алатын болсам, бұл онша зиян емес шығар, – деді.

Қашырды жетектеп кешегі еврейге келді. Мұны көре сала ол:

– Мынаусы да өлген екен ғой, – деді.

– Өз басың аман болсын, – деді Жүдәрә.

– Сараңдардың көретін күні осы, – деді де еврей қашырды алып, алақанына жүз динар салды. Жүдәрә үйіне келіп ақшаны шешесіне берді. Сол жерде шешесі:

– Балам, бұл ақшалар саған қайдан келіп жүр? – деді.

Жүдәрә болған жағдайларды айтты. Шешесі басын шайқап:

– Бұдан былай Қарынбайдың көліне аттап баспа, балам. Ана мағриптіктер тегін өліп жатқан жоқ, – деді.

– Ойбай, шешем-ау, мен оларды өздерінің өтініштерімен суға тастап жүрмін ғой. Солай деп жалынса, амал қанша? Күн сайын жүз динар келтіріп отырған кәсіптен қалай бас тартамын. Ақшаны алам да үйге келем. Бүкіл мағриптіктер біткенше мен Қарынбай көліне баруды қоймаймын, – деді.

Үшінші күні Қарынбай көліне тағы барды. Сөйткенше қашырға мінген тағы бір мағриптік көрінді. Шамасы бұрынғы екеуінен де бай, салауатты.

– Ассалаумағалейкум, Омардың ұлы Жүдәрә мырза, – деді бұл да.

– Уағалайкүмассалам, – десе де “бұлардың бәрі менің аты-жөнімді қайдан біледі” деп таңданды жігіт.

– Мұнда мағриптіктер болды ма? – деді келген.

– Екеуі болған, – деді Жүдәрә.

– Сосын қайда кетті олар? – деді.

– Мен олардың қолдарын байлап, осы көлге тастап жібердім. Екеуі суға кетіп өлді. Сен де солардың жолын құшарсың? – деді бұл.

Әлгі мағриптік сылқ-сылқ күлді де:

– Ей, шырағым-ай, әр пенденің тағдыры әр қилы емес пе? – деп қашырынан түсіп, – кәне, Жүдәрә, маған да сол екеуіне жасағаныңды жаса, – деп жібек ұсынды. Жүдәрә жіпті алып:

– Қолыңды артыңа ұста, тезірек байлайын, уақытым болып қалды, – деді.

Мағриптік қолын артына ұстады. Жүдәрә тас қылып байлады да суға итеріп жіберді. Ол суға батып жүре берді. Жүдәрә күтіп сәл тұрды. Сөйткенше әлгі мағриптік қолын көтеріп су бетіне шыға келді де:

– Кәне, маған ауыңды таста, – деді. Жүдәрә аулақтырды да сүйреп жағаға алып шықты. Әлгінің екі қолында екі қызыл балық. Кәдімгі қызыл маржандай көздің жауын алады.

– Анау қобдилардың аузын аш, – деді Жүдәрәға. Жүдәрә жалма-жан ашты. Екі балықты екі қобдиға салып алып, мағриптік Жүдәрәні құшақтап алып, екі бетінен кезек-кезек сүйді.

– Сені Алла тағалам өзі жарылқасын! Бәле-жәледен әрдайым аулақ бол. Жаңа ауыңды тастап тартып алмағаныңда мына балықтар түгілі, түлікке зар болып, су түбінде тұншығып өлетін едім. Байлаулы қолмен қалай шығасың, – деді қуанышы қойнына сыймай. Сол жерде Жүдәрә:

– Садағаң кетейін, қажекем! Құдай үшін бұл не керемет екенін өзің айтшы. Сенен бұрын суға кеткендердің халі не болды екен? Мына балықтарыңның сыры неде? Әлгі мен барып жүрген еврейің кім? – деді.

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### АЛТЫ ЖҮЗ ОНЫНШЫ ТҮН

– Алдияр патшам! Әлқисса, Жүдәрә сол жерде:

– Осыдан бұрын суға кеткендердің жайын айтыңызшы, – деді.

– Төтесіне келгенде оның екеуі де менің бауырларым. Бірінің аты – Әбсәләм, екіншісінің аты – Әбілахат, менің атым –

Әбдісамат, ал енді сенің әлгі еврей деп тұрғаның да маған туыс, аты – Әбдірахим, бірақ ол еврей емес, мұсылман, мәликиттер<sup>1</sup> мазхабынан, әкеміз марқұм қазына ашуды үйреткен. Қандай жұмбақ болса да бізге шешімін табу опонай. Дуа-сиқырды үйренгендігіміз сонша, жын-шайтан дегендеріңіз құрдай жорғалап, алдымызда қызмет көрсетеді. Біз өзі төрт ағайынды жігітпіз. Әкеміздің аты – Әбдіуайт. Өзі о дүниеге аттанарда бізге көп ақша-қаражат қалдырған-ды. Әкеміз көз жұмғасын бар дүние-мүлкін,

<sup>1</sup> Мәликиттер – Малика мен Апас атты мұсылман имамы VIII ғасырдың аяғында өлген. Соның жолын қуғандарды мәлихеттер деп атайды. Олар Италия мен Батыс Африкада.

ақша-қаражатын, ақыры тұмарларына дейін бөлісе бастадық. Ең соңында ежелгі ертегілер<sup>1</sup> атты кітапқа келгенде талас туды. Ол кітаптың бағасын белгілеу де қиын. Өйткені дүние жүзіндегі бар қазынаның сыры, оны қалай табудың жолдары, талай құпиялардың шешімі осы кітапта болатын. Сондықтан да оның бағасына ешбір асыл дүние шақ келмейді. Әкеміздің өзі осы кітап арқылы бәрін табатын. Біразын біз де кезінде жадымызға сақтап қалғанбыз. Қысқасы, сол кітапқа ие болуға бәріміз де ұмтылдық. Өйткені біз әлі меңгермеген құпиялар бар-ды. Осы дау-далабаның үстіне біздің әкеміздің ұстазы, өзін тәрбиелеп, дуа-балгерлікті үйреткен шейх келді. Ол кісіні жұрттың бәрі көзі ашық әулие дейтін. Сол тұрып:

– Кітапты бері әкеліңдер, – деді. Қолына ұстаттық та қойдық. Кітапты аударыстырып отырып:

– Сендер менің өз перзентімдей тәрбиелеген адамның баласысыңдар. Сол себепті ешқайсыңның көңілдерінді қалдырғым келмейді. Ал енді осы кітаптан үмітің барың аш-Шамардан қоймасын іздеп тауып, содан көк күмбезінің шарың, сүрме құтысын, сақина мен семсерді алып келсін. Сақинаның ішінде пері бар. Оның аты – Зікірлі Найзағай. Сол сақинаға ие болған адамға патшаның да, сұлтанның да әмірі жүрмейді. Бүкіл дүние жүзін жалғыз өзім билеймін десе де еркі бар. Ал енді семсерге келсек, оның өз кереметі бар. Жалаңаштап алып жер қайысқан жауға тура ұмтылса болды, бәрі тым-тырақай қаша жөнеледі. Семсер егесі: “Мына әскерлерді жой”, – десе бітті, семсерден шыққан от-найзағайлар табан астында бәрін жоқ қылады. Енді көк күмбезінің шарына келсек, оны қолына алып отырған жан батыс пен шығыстағы елдерді түгел көріп отырады. Бәрін бармай-ақ біледі. Өзіне керек жаққа шарды бұрса болды, елін де, жерін де, адамдарды да алақандағыдай көреді. Солардың біріне ашуы келсе болды, шарды күннің көзіне тоса қойса, кез келген шаһарды өртеп жібереді. Сүрме құтысының да өзіне сай кереметі бар. Сондағы сүрмеден көзіне жаққан адам дүниедегі қай қазына қай жерде жатқанын айнытпай көреді. Осыған орай сендерге қояр шарт біреу:

---

<sup>1</sup> Бұл кітаптан Құранның негіздерін көруге болады, себебі Мұхаммед пайғамбарға сенімсіздер оның хадистерін “ежелгі ертегілер” деп атаған.

– Кімде-кім аш-Шамардан қоймасын тауып келуге шамасы келмесе, бұл кітаптан күдер үзе берсін. Соны іздеп тауып, әлгі айтылған төрт затты маған жеткізгендерің осы кітапқа еге боласындар, – деді.

Бұл шартқа бәріміз де жүгіндік. Содан әулие отырып:

– Балаларым, аш-Шамардан қоймасы қызыл патшаның балаларының қол астында. Кезінде сендердің әкелерің де осы қазынаны іздеп барғанын айтқан. Ол да осы қазынаны ашуға көп әрекеттенді. Барса, қызыл патшаның балалары бұдан қашық Мысыр жеріндегі Қарынбай көліне суға түсіп кетіпті. Мысырға барғанда оларға жетуін жеткен, бірақ ұстай алмаған. Бәрі де суға сүңгіп-сүңгіп кеткен екен. Ал ол көлдің өзі дуаланған көл екен...

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### АЛТЫ ЖҮЗ ОН БІРІНШІ ТҮН

– Алдияр патшам! Сол жерде көзі ашық әулие өзінің шәкіртінің балаларына баяндап отыр:

– Содан сапарының сәті түспей оралды. Қызыл патшаның балаларының қол астындағы аш-Шамардан қазынасын таба алмай қайтты. Соншама еңбегінің далаға

кетіп, жолы болмағанына әкелерің қатты ренжіді. Енді қайтем деп маған келді. Қарасам, ол қазынаны Мысыр елінің баласы Омардың ұлы Жүдәрәнің көмегімен ғана ашуға болады екен. Қызыл патшаның балаларының қолға түсуіне себепші де сол болады. Ол жігіт балықшы, Қарынбай көлінің басында кездеседі. Мұның сиқыры, бағы жанғалы тұрған адамның Жүдәрә қолын байлап, әлгі көлге тастайды. Ол батысымен Қызыл патшаның балаларымен шайқасады. Құдайы беріп жеңсе, оларды алып шығады. Жеңілсе, аяғы ғана су бетінен көрініп, өліп кеткені. Аман қалса, судан қолы көрінеді. Жүдәрә ауын тастап алып шығады, – деп әкелеріңе сол жерде-ақ айтқанмын, – деп әулие сөзін бітірді.

Менің ағаларым:

– Өліп кетсек те біз барамыз! – десті қосарланып. Сол кезде:

– Мен де барам, – дедім желігіп. Әлгі сенің еврей деп отырған біздің туысымыз.



– Ондайға зауқым жоқ, – деп қарап тұр. Сосын онымен “Сен Мысырға барып, еврей кейпіне еніп жүр, Қарынбай көлінде өліп кеткенімізде қашыр, қоржындарымызды алып, Жүдәрәға жүз динар берсін”, – деп келістік. Саған бізден алғаш келгенді де, екінші келгенді де Қызыл патшаның балалары өлтірді. Олардың маған шамасы келмеді. Оларды мен жеңіп алдым. Сосын аман шықтым ғой, – деді мағриптіктің үшіншісі мақтанып.

– Жеңіп шыққандарың қайда? – деді Жүдәрә.

– Ау, көрген жоқсың ба? Жаңағы қобдишаға салғаным солар ғой, – деді.

– Оларың балық қой, – деді Жүдәрә.

– Қайдағы балық? Балық кейпіндегі перілер емес пе? Ендігі әңгіме осында, Жүдәрә. Әлгі айтылған сиқырлы қойма сенің көмегіңмен ғана табылады. Менімен бірге Фас, Микнес<sup>1</sup> шаһарларына барасың ба жоқ па, оны өзің біл. Бірге барсақ, әлгі қазынаның үстінен шығамыз. Не қаласаң, соныңды берем. Алланың әмірімен сен де маған бауыр болып шықтың ғой. Аман-сау мол дәулетпен үйіңе ораласың, оған күмән жоқ, – деді.

– Тақсыр, қажеке, бәрі дұрыс қой. Бірақ, менің қолыма қарап отырған екі ағам мен шешем бар...

Әңгіме осы тұсқа келгенде таң атты.



#### АЛТЫ ЖҮЗ ОН ЕКІНШІ ТҮН

– Алдияр патшам! Әлқисса, сол жерде Жүдәрә мағриптік қажыға:

– Бәрі дұрыс қой. Бірақ, менің қолыма қарап отырған екі ағам мен шешем бар. Саған еріп жүре берсем, оларды кім асырап, кім қамқор болады? – деді.

– Оның жарасы жеңіл. Әңгіме қаржыда болса, оп-оңай шаруа. Мың динарды өзіміз береміз. Шешеннің қолына саласың. Сен қайтып оралғанша қалай жұмсаса да жетіп жатыр. Әрі кеткенде, төрт айға жетпей өзің де үйіңе келесің, – деді.

“Мың динар” дегенді естігенде Жүдәрә қуанып кетіп:

<sup>1</sup> Фас (Фес) және Микнас (Мекнес) – Мароккадағы бір-біріне жақын шаһарлар. Айтушы бұл екеуін бір шаһар деп санайды. Фас – орта ғасырдағы Марокка сұлтандарының шаһары.

– Қане, қажеке, сол мың динарыңды бере ғой. Шешеме қалдырам да өзіңе еріп жүре берем, – деді. Қажы сөзге келген жоқ. Табан астында мың динарды санап берді. Жүдәрә алған бойымен шешесіне келіп, мағриптікпен арасында болған әңгімені баяндап отырып:

– Мына мың динарды ал, өзіңе де, ағаларыма да шашетектен жетіп жатыр! Мен әлгі қажымен батысқа аттанам. О жақ бұ жағы төрт айда оралып қалармын. Бұйырса, аз дүниемен келмеспін, ертелі-кеш дұғаңнан тастамай, тілеуқор болып отыра бер, – деді.

– Қайдан білейін балам, қорқам, уайымға батырып барасың, не айтайын? – деді шешесі қамығып.

– Шеше, уайым шекпе. Жасаған ием жар болса, бәрі базар. Мағриптік қажы тым жақсы адам екен, – деді.

– Алла тағала алдыңнан жарылқасың, жолдасың мейірімді болсын! Оң сапардан басқа не тілек айтам, балам? Кім біледі, олжалы ораларсың?.. – деді.

Жүдәрә шешесімен қоштасып шықты. Қажы Әбдісаматтың қасына келді. Әбдісамат оған:

– Қалай, шешенмен ақылдастың ба? – деді.

– Ақылдасқанда қандай, батасын берді, – деді Жүдәрә.

– Ендеше артыма мін, – деді қажы. Жүдәрә мінгесіп алды.

Екеуі бір қашырда, сәске ауа шыққан бұлар ақшамға дейін жүріп келеді. Жүдәрәнің қарны ашты. Мына қапыда жеп қоятын тамақтың да ыңғайы байқалмайды. Болмағасын:

– Тақсыр, сіз осы жолда жейтін ауқат жағын ұмытып кеткен жоқсыз ба? – деді Жүдәрә.

– Қарның ашты ма? – деді қажы.

– Шыны солай, – деді Жүдәрә.

Бұлар қашырдан түсті. Қажы Жүдәрәға:

– Ана қоржынды бері әкел, – деді. Жүдәрә қоржынды әкелді.

– Ал, бауырым, не жегің келеді? – деді Әбдісамат.

– Нан мен ірімшік болса жетіп жатыр.

– Е-е, шырағым-ай, ірімшік пен нан деген саған жараспайды. Онан да дені сау тағамды атасайшы, – деді қажы.

– Маған дәл қазір тамақтан өтетін болса жетіп жатыр, – деді.

– Пешке пісірген балапанға қалай қарайсың? – деді қажы.

– Бар болса, қарсы емеспін, – деді бұл.  
– Балға бөккен күріш жеймісің? – деді қажы.  
– Оған да дайынмын.  
– Мынадай тамаққа, анадай тамаққа, – деп шұбыртып ала жөнелді. Әне-міне дегенше жиырма төрт тағамның атын атады. Жүдәрә ішінен “мынаның дені сау емес шығар. Не отыны жоқ, не қазан-ошағы жоқ, соншама тағамды қайдан алам деп отыр? Онан да осы да жетер деп қайырып тастайын” деген оймен:  
– Жетер енді, тақсыр. Соншама тағамды атадыңыз, бірде-бірін көрмей тұрмын ғой, – деді.  
– Қам жеме, Жүдәрә, – деді де қоржынға қолын салып жіберіп, алтын табаққа салынған, сары маңыз болып піскен екі балапанды алып шықты. Екінші қол салғанда сондай алтын табақ толы келді. Содан қайта-қайта қоржынға қол салып отырып, жаңағы өзі айтқан жиырма төрт түрлі тағамдарды тізіп қойды. Жүдәрә не дерін білмей, сасып қалды.  
– Кәне, кіріс енді, байғұс бала, – деді қажы.  
Жүдәрә жағасын ұстап:  
– Тақсыр, сонда мына қоржынның ішінде аспаздар, қазан-ошақтар бар ма? – деді. Қажы күліп отырып:  
– Бұл қоржында бәрі де бар, бәрі де дуаның арқасы. Сен егер сағат сайын мың түрлі тағамның атын атасаң, аспазшылар көзді ашып-жұмғанша алдыңа әкеп қояды. Оған күмәнің болмасын, – деді.  
– Мынауыңыз ғаламат қоржын екен, – деді Жүдәрә.  
Екеуі де әбден тойғанша тамақ алды. Қалғанын қажы төгіп тастады да табақтарын қайтадан қоржынға салды. Қоржынның екінші басынан құман алып, екеуі де сусындап, беті-қолдарын шайып, дәрет алып, құптан намазын оқыды. Содан кейін қажы құмыраны да, қобдишаны да қоржынға салып, қашырға мінді де:  
– Кәне, кел отыр, Жүдәрә, кеттік, осы сен Мысырдан<sup>1</sup> шыққалы қанша жол жүргенімізді білесің бе? – деді.  
– Аллаға аян, білмеймін, – деді Жүдәрә.  
– Ендеше табандап бір айлық жол кештік, – деді қажы.  
– Қалайша? – деді Жүдәрә сене қоймай.  
– Әлі бала екенсің ғой. Мына біздің астымыздағы қашырдың ана тегі пері. Бұл бір күнде бір жылдық жолды

---

<sup>1</sup> *Мысыр* – Каирдың ортағасырлық бір атауы.

алып жүре береді. Әншейін сен болғасын ғана күніне бір айлық жолды қусырып келеміз, – деді. Сонымен екеуі мінгесіп алып, тартып кетті. Күн батқанша дамыл таппады. Қас қарайғанда қашырдан түсті. Қоржыннан кешкі ас келді. Таңғы асты да содан алды. Осылай түнді түнге, күнді күнге ұрып отырып, кез келген жерге аялдап, ұйықтап алып төрт күн бойы жүрді де отырды.

Бесінші күн дегенде Фас пен Микнасқа жетті. Шаһарға енісімен әрі өткен, бері өткендердің бәрі қажыға сәлем беріп, тәуеп етпегені жоқ. Жол бойы құрмет-қошемет үзілмеді. Сонымен бір үлкен қақпаның алдына келіп тоқтады. Кенет қақпа ашылып қоя берді. Ар жағынан айдай толқыған бір қыз шыға келді.

– О, айналып кетейін, Рахима, кәне, бізге сарайды аш, – деді қажы қызына елжірей.

– Жан-тәніммен, – деді қызы қуанып. Қыздың қылықты қимылынан Жүдәрә есінен талып қала жаздады. “Мынау кім дегенде де патшаның қызы” деді ішінен. Қыз талшыбықтай бұралып барып, сарайдың есігін ашты. Қажы қашырдағы қоржынын алып, оған: “Аллам жар болсын, кете бер”, – деді. Сол сәтте жер қақ айырылды. Қашыр сіңіп кетті. Жер қайта қабысты. Бәрі дәнеңе болмағандай, қаз қалпы.

– Жарылқаушы жаратқан Аллаам, мына қашырдың үстінде келе жатқанда сақтағаныңа шүкір. Жерге сіңіп кете жаздағалы екенбіз ғой, – деді жағасын ұстап.

– Таңданатын дәнеңесі жоқ, Жүдәрә. Бұл қашырдың тегі пері деген жоқпын ба? Онан да сарайға жүр, – деді қажы. Бұлар сарайға енді. Сарай ішінде төселген неше қилы кілемдер, бұрын-соңды көз көрмеген асыл жиһаздар, қымбат тастар, ою өрнектер Жүдәрәның есін алды.

Бұлар жайғасып отырған соң, Әбдісамат қызына қарап:

– Рахима, пәлен деген түйіншекті алып келші, – деді. Қыз шығып кетті. Сәлден соң бірдеңені құшақтап әкеп, әкесінің алдына қойды. Қажы шешіп, ішінен бағасы бері салғанда мың динарлық асыл киімді алып Жүдәрәға ұсынып:

– Мынаны киіп ал, Жүдәрә, қысылма, өз үйіңдей көр, – деді.

Жүдәрә мұны кигенде мағриптік патшаларының патшасындай болып шыға келді. Қажы алдындағы дорбаға

қол салып, бірінен соң бірін алып қоя берді. Әне-міне дегенше дастарқан қырық түрлі тағамға толды. Сосын барып Жүдәрәға бұрылып:

– Ал, мырза, дәм ал, бар мәзір осы...

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### АЛТЫ ЖҮЗ ОН ҮШІНШІ ТҮН

– Алдияр патшам! Әлқисса, әне-міне дегенше дастарқан үсті қырық түрлі тағамға толды. Осы сәтте Әбдісамат Жүдәрәға бұрылып:

– Кәне, мырза, дәм ал, бар мәзір осы. Мұндағы тағамдардың қайсысы ұнайтынын білмеймін. Ол жағын өзің айтарсың.

Көңілің не қаласа, бәрі дайын болады, – деді.

– Оллаһи, қажеке, маған қандай тағам болса да бәрібір, таңдамай жей берем, менен ол жағын сұрамаңыз. Бұйырғанын қоя беріңіз. Бәрінің еркі өзінде, – деді Жүдәрә.

Сонымен Жүдәрә қажының үйінде жиырма күндей болды. Күн сайын киімдері жаңарып тұрды. Әбдісамат базардан ет те, нан да алмайды. Қазан көтеріп әуре болып жатқан бұл жоқ. Бәрі де сол дорбаның ішінен дайын күйінде шығып жатыр. Жеміс-жидек те осы дорбадан. Жиырма бірінші күн дегенде Әбдісамат қажы:

– Бүгін Шамардан қазынасының ашылатын күні, енді соған барайық, – деді Жүдәрәға.

Екеуі сарайдан шықты. Жүре-жүре шаһардың сыртына келді. Түс әлеті болғанда су сарқырап ағып жатқан жарманың жағасына келді. Сол жерде Әбдісамат қашырынан түсіп:

– Кәне, сен де түс көлігіңнен, – деді Жүдәрәға. Жүдәрә қашырынан түсе бергенде:

– Тезірек, – деп Әбдісамат айқайлап жіберді. Көзді ашып-жұмғанша пайда болған екі құлға қашырларды алып кет дегендей ишарат етті. Олар қашырларды жетектеп кетті. Екі құл да біразға дейін көрінбеді. Содан соң біреуі шатыр әкеп құрды. Екіншісі шатырдың ішіне кілемдер төседі, төрге жастықтар тастады. Құлдың біреуі шығып кетті де шамалыдан кейін екі қобдиша алып кірді. Олардың ішінде балықтар бар екен. Екінші құл дорба әкелді. Әбдісамат Жүдәрәға:

– Бері кел, – деді. Жүдәрә қасына келіп отырды. Дорбаның ішінен Әбдісамат тағамдар шығарды. Екеуі тамақ жеді. Содан Әбдісамат әлгі қобдишаларды алдына қойып, дұға қайыра бастады. Сөйткенше қобдишалардағы балықтарға тіл бітіп:

– Міне, алдыңа келіп тұрмыз, ендігі ерік өзінде әлемнің көзі ашық әулиесі, бізден шарапатыңды аяма, – деп жалына бастады. Мағриптік Әбдісамат дұғасын үзбей оқи берді. Әне-міне дегенше қобдишалар тас-талқаны шығып, жаңқа-жаңқа болып, желге ұшып жүре берді. Сөйткенше, бір-біріне матаулы екі адам шыға келіп:

– Уа, әлемнің әулиесі, қолұшынды бере көр! Енді бізді не істемекшісің? – деп зар илеп қоя берді. Оларға Әбдісамат:

– Сендерді қазір өртеймін. Егер аш-Шамарданның қазынасын ашып берсеңдер ғана жандарыңды сақтаймын, – деді.

– Жарайды, біз оған дайынбыз, қазына қақпасын ашайық, бірақ балықшы Жүдәрәны алдымен алып кел. Ол болмаса, қазына қақпасы ашылмайды. Омардың баласы Жүдәрәның көмегінсіз оның ішіне пенде баласы кіре алмайды, – десті матаулы тұрғандар.

– Сендер айтып тұрған адам дәл қазір қастарыңда сөздеріңді естіп, өздеріңді көріп тұр, – деді Әбдісамат. Сонымен қақпаны ашуға уәдесін алып, екеуін де босатып жіберді.

Енді қолына бір шыбық алды. Жиегіне қызыл тастар шайқап, бірнеше тақтайшаларды әлгі шыбықтың айнала-сына қойды. Содан кейін қақандозға көмір салып, бір-екі рет үрлегенде көмір жана бастады. Жанған отқа хош иісті салар алдында:

– Жүдәрә, бері қара, көзіммен дұға оқи бастаймын да мына хош иісті отқа тастаймын. Дұға оқып тұрғанда мен басқа сөз айта алмаймын. Өйтсем бұл ісім зая кетеді. Дегенімізге жету үшін, алдымен сенің не істеуің керек екенін үйретемін, – деді.

– Кәне, үйретіңіз, – деді Жүдәрә.

– Ендеше, зейін қойып тыңда. Қазір мен дұға оқи бастаймын да мына хош иісті отқа тастаймын. Сол сәтте мына ағын су тартылып сала береді. Су құрғаған кезде үлкендігі шаһар қақпасындай алтын қақпаны көресің, дөңгелек екі темір тұтқасы бар қақпа. Қақпаның алдына

бар да жаймен қағып-қағып қал. Шамалы сабыр етіп, сәлден соң алғашқыдан қаттырақ қақ. Сыбыс білінбейді. Содан кейін бар күшіңмен қақпаны үш қайтара соғып-соғып қал. Сол жерде ар жағынан: “Құпияның шешімін білмей, қазына қақпасын қағып тұрған кімсің?” – деген даусы естіледі. Сол кезде: “Мен балықшы Жүдәрә Омардың баласымын”, – дейсің. Сол сәтте қақпа ашылады. Қолында семсері бар біреу саған қарсы шығып: “Сен шынымен сол адам болсаң мойныңды тос, басыңды алам”, – дейді. Одан қаймықпай мойныңды ұсына бер. Ол семсерін көтереді, сен жата бергенде өзі шалқасынан құлайды. Барып көрсең, жантәсілім еткен үстінен шығасың. Оның сілтеген семсерінен сенің жаныңа батып жатқан дәнеңе жоқ. Бірақ қарсылық білдіріп әуре болма, онда өліп кетесің. Оның қаһарын өзіңнің көнбістігіңмен қайтарасың. Содан әрі жүре бер, тағы бір қақпаға тап боласың. Есігін қақ, алдыңнан найзалы атты адам шығады. Ол саған: “Мұнда сені қандай сыр айдап келді, адам баласы түгілі пері аяқ баспайтын жерде неғып жүрсің?” – дейді. Саған найзасымен ұмтыла бергенде көкірегіңді айқара ашып тұра бер. Саған найзасын сілтеп қалғанда өзі атынан ұшып түседі. Қарасаң, ол да жан тапсырады. Есінде болсын, қарсы сөз айтсаң бітті, өзің өліп кетесің. Содан үшінші қақпаға келесің, алдыңнан садағы мен жебесі қолында өзіміздің Адам ата нәсілінен біреу шығады. Оған да кеуденді ашып қоя бер. Садағын саған бұрап тартам дегенше әлгі екеуінің халіне бұл да душар болып жүре береді. Бұған да қарсылық білдірме, онда өзің өлесің. Енді төртінші қақпаға беттейсің...

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### *АЛТЫ ЖҮЗ ОН ТӨРТІНШІ ТҮН*

– Алдияр патшам! Әлқисса, мағриптік Әбдісамат сөзін жалғастырып:

– Содан төртінші қақпаға келесің. Қағып қалысымен шалқасынан ашылады. Алдыңнан түйедей арыстан шыға келеді. Сені шайнап тастардай аузын безеп, жақындай береді. Одан саспа, қашып құтыламын деп ойлама. Арыстан енді алдыға келе бергенде қолыңды ұсын. Сол кезде арыстанның өзі құлап түседі. Саған дәнеңе де болмайды. Одан әрі бесінші қақпаға

кіресің. Алдыңнан бір қара құл шығып: “Сен кім боласың?” – дейді. “Мен Жүдәрәмын” дейсің. “Шынымен сол адам болсаң, алтыншы қақпаны өзің аш”, – дейді құл. Алтыншы қақпаның алдына кел де: “Иса қайдасың, Мұсаға айт, қақпаны ашсын”, – де. Сол кезде қақпа өзінен-өзі ашылады. Ішке кіресің. Оң жағында бір, сол жағында бір айдаһарды көресің. Олар аранын ашып саған ұмтылады. Екеуіне екі қолыңды ұсына бер. Қорқушы болма, онда өзің өлесің. Олардың да шаруасы бітеді. Одан әрі жетінші қақпаны келіп қағасың. Алдыңнан өзіңнің анаң шығады. “Қадамың құтты болсын, балам, қош келдің. Бері жақында, маңдайыңнан иіскейін” – дейді, сонда сен: “Аулақ менен, үстіндегі киімдеріңді шеш”, – дегейсің. Сол кезде ол: “Балам-ау, саған не болған? Мен сенің анаң емеспін бе? Ақ сүт беріп аялап, мәпелеп тәрбиелегенде көрсеткен опаң осы ма?” – дейді, оған көнбе. “Үстіндегі киімдеріңді шешпесең, қазір өлтіремін”, – деп тұрып ал. Оң жағыңа қара, қабырғада ілулі тұрған семсерді көресің. Соны ал да қынынан суырып жалаңаштай әйелдің қасына бар: “Көне, шешін” – де. Ол сені алдаусыратып әр түрлі айлаға басады... Алдыңа жығылып жалынады. Бірақ зәредей мейірім көрсетпе. Қабат-қабат киімінің әрқайсысын шешкен сайын: “Шешін, тағы шешін”, – дей бер. Қашан тырдай жалаңаштанғанша қаһарыңнан қайтпа. Бар киімін шешкен соң барып өзі құлап түседі. Сонда барып бар дуа-сиқырдан құтылып, құпияның сырын аштым дей бер. Енді саған қауіп-қатер жоқ. Қазына толы үйдім-үйдім алтын, бірақ олардың бірде-біріне қызықпа, осы қазына сарайдың қақ ортасында бір бөлмені көресің. Кіреберісінде шымылдық тұтылған, шымылдықты ашқанда төрдегі алтынмен апталған, биік төсектің үстінде жатқан атақты әулие аш-Шамарданды көресің. Оның бас жағында толған айдай нұр сәуле ойнап тұрады. Әлем сәулесі деп осыны айтар. Аш-Шамарданның белінде семсер, саусағында жүзік, мойнындағы алтын шынжырлы бойтұмарды сұрама, құрысын. Бұл төртеуін де өз қолыңа ал. Дүниеде бұдан артық қазына жоқ. Осы айтқандарымның бірде-бірін ұмыта көрме. Кездескен қауіптен қаймықпа, қарсы келіп бәлеге ұшырап жүрме. Онда менің де жағдайым қиындап